



ГТАХР 06.73.15

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-2-233-251>

## Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын бюджеттік қолдау нысандары

Р.С. Сарбасова\*<sup>1</sup>, А.А. Нұрымов<sup>2</sup>, Г.Ж. Есенова<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup> «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ, Астана, Қазақстан

(E-mail: \*[sraikhan\\_81@mail.ru](mailto:sraikhan_81@mail.ru), [nurumov-aldash@mail.ru](mailto:nurumov-aldash@mail.ru), [pavlodarsemey@mail.ru](mailto:pavlodarsemey@mail.ru))

**Аңдатпа.** Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуші маңызды сала бола отырып, ауыл шаруашылығы жоғары өнімді және бәсекеге қабілетті болуы үшін мемлекеттік реттеу пен қаржылық қолдауды қажет етеді. Қолдаудың бюджеттік нысандарын пайдаланудың мақсаты саланы дамытуды ынталандыру, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту және басқа да әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу болып табылады. Бұл мақалада ауыл шаруашылығын бюджеттік қолдау нысандары қарастырылып, олардың ағымдағы жағдайына талдау жасалынып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі.

Бюджеттік қолдау нысандары бойынша отандық және шетелдік авторлардың көзқарасы, еліміздегі қолданыстағы бюджеттік қолдау нысандары баяндалады. Ресми статистикалық мәліметтер негізінде ауыл шаруашылығы өнімінің динамикасы, Қазақстанның және Орталық Азияның басқа мемлекеттерінің ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі салыстырмалы түрде қарастырылып, еліміздің ауылшаруашылығына бюджеттен бөлінген қаржылардың динамикасы, субсидиялардың көлемі мен құрылымы және оның ауыл шаруашылығын дамытуға әсері бағаланады. Негізгі шешуді қажет ететін мәселелер қатарына бюджет қаражаттарының барлық тауар өндірушілерге бірдей қолжетімділігі мен берілген қаражаттар негізіндегі нәтижелілік көрсеткіштері жатқызылады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына бюджет тарапынан қолдау көрсету, қолдаудың бірқатар құралдарын қатар қолдану саланың экономикадағы үлесінің артуына мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** ауыл шаруашылығы, бюджеттік қолдау, субсидия, агроқұрылымдар, ауыл шаруашылығын қаржыландыру, бюджеттік қолдау нысандары.

## Кіріспе

Ауыл шаруашылығы экономикалық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі ретінде мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығын қалыптастыратын, ауылдық аумақтардың дамуына ықпал ететін экономиканың маңызды саласының бірі болып табылады. Аталған саланы тиімді дамыту халықты сапалы отандық өнімдермен қамтамасыз етуге, өндірісті ұлғайтып, жұмыссыздықты төмендетуге және нәтижесінде саланың экономикадағы үлесін арттыруға септігін тигізеді. Сондықтан да ауыл шаруашылығы саласын дамыту күн тәртібінен түспейтін мәселелер қатарына жатады. Еліміздің ауыл шаруашылығы саласын мемлекет тарапынан қолдау шараларына қарамастан, аталған саланың ЖІӨ өндірудегі үлесі 2021 жылы 5,4, 2022 жылы 5,2 пайыз деңгейінде қалыптасты. Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен салыстырмалы түрде алғанда бұл көрсеткіш төмен. Мәселен, 2022 жылы Қырғызстанда 13,7; Тәжікстанда 27,1; Өзбекстанда 25,2 деңгейінде қалыптасқан [1]. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына бюджет тарапынан қолдау көрсету, қолдаудың бірқатар нысандарын қатар қолдану саланың экономикадағы үлесінің артуына ықпалын тигізеді.

Еліміздің Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің халыққа арнаған Жолдауында атап өткендей «Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз» және де Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Бұл мақсатқа жету үшін ауқымды жұмыстар атқару қажет. Әрине ол үшін қыруар қаржы ресурстары да қажет. Бірінші кезекте қажетті ресурстар мемлекеттік бюджет тарапынан қамтамасыз етілетіні анық, дәл осы орайда бюджеттік қолдау нысандарын жетілдіріп, оларды қатар қолдану өз тиімділігін көрсетеді [2].

**Зерттеудің мақсаты** – еліміздің ауыл шаруашылығы саласын бюджеттік қолдау деңгейін бағалау, соңғы бес жылдағы бюджеттік қолдау мен саланың орнықты дамуының өзара байланысын анықтау болып табылады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі** қазіргі кезеңде отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілетті нарығын қалыптастыру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсетудің, оның ішінде бюджеттік қолдау құралдарының тиімді моделін қалыптастыру қажеттілігіне байланысты. Аталған мәселелерді шешу арқылы ауыл шаруашылығын экономикадағы үлесін арттыруға мүмкіндік туады.

**Зерттеу әдістері.** Бұл мақаланы әзірлеу кезінде ауылшаруашылығын қаржыландыру, бюджеттік қолдау, мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу процесі барысында түрлі әдістер қолданылды. Ауыл шаруашылығы саласының сандық көрсеткіштерін талдау кезінде себеп-салдарлық әдісті пайдалансақ, ауыл шаруашылығының ағымдағы жағдайы мен негізгі көрсеткіштерінің динамикасын есептеуде экономика-математикалық әдістер қолданылды.

Графикалық әдістерді қолдану зерттеудегі көрсеткіштердің динамикасын нақты көруге және өзгерісін байқауға мүмкіндік берді.


Сондай-ақ зерттеуге қатысты ҚР қолданыстағы нормативті-құқықтық құжаттарын, Президент Жолдауларын пайдалану зерттеудің маңыздылығы мен қолданылу аясын айқындауға септігін тигізді.

Статистикалық деректер ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі мен Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайттарынан жинақталды.

### Зерттеулер мен талқылаулар

Ауыл шаруашылығы еліміздің экономикасының басты салаларының бірі, өйткені оның жағдайы азық-түлік қауіпсіздігіне және халықтың әл-ауқатына тікелей байланысты. Мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі – осы ауыл шаруашылығы саласының тиімді дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Себебі дәл осы салада халықтың өмір сүруі мен тіршілігіне қажетті өнімдер өндіріледі. Бұл ретте осындай маңыздылығы жоғары салаға экономикалық, атап айтқанда қаржылық көмек мемлекеттік деңгейде көрсетілуі қажет екендігін әлемдік тәжірибе дәлелдеп отыр.

Аталған саланың маңызды көрсеткіші осы саладағы өндірілген өнім көлемі болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан бері бұл көрсеткіш айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. 1991 жылғы 77,8 млн теңгеден 2021 жылы 7549827,9 млн теңгеге жетті. Оның құрылымында басым үлесті өсімдік шаруашылығының өнімі құрайды. Алайда осы саланың жалпы ішкі өнімдегі экономикалық үлесі едәуір төмендегенін келесі суреттен байқауға болады.




1-сурет. ҚР ауыл шаруашылығы өнімінің ЖІӨ-гі үлесі, %

Мұндай өзгерістердің қалыптасуы өткен ғасырдың 90-жылдарының басында нарықтық қатынастарға өту, аграрлық экономиканы реформалау және ауыл шаруашылығының жұмыс істеуінің нарықтық моделін қабылдау саланы басқару жүйесінің түбегейлі түрде трансформациялануына, экономиканың аграрлық секторы мен ауылдың әлеуметтік саласын мемлекеттік қолдаудың күрт қысқаруына алып келді.

Ауыл шаруашылығындағы реформалар кезеңінде адам факторы анағұрлым үлкен өзгеріске ұшырады, бұл ауыл шаруашылығы еңбегінің құнсыздануынан; демографиялық жағдайдың нашарлауынан; ауылдағы жұмыс орындары санының қысқаруынан және жұмыспен қамтудың төмендеуінен; еңбектің аграрлық нарығының төмендеуінен және алаңдаушылық коэффициентінің артуынан; әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының, әлеуметтік-тұрмыстық қызметтердің қысқаруынан көрінді [3].

Сондай-ақ Орталық Азиядағы басқа мемлекеттермен салыстырғанда еліміздегі ауылшаруашылығы өнімінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі төмен. Соңғы бес жылдағы бұл көрсеткіштің өзгерісін келесі суреттен көре аламыз.



2-сурет. ЖІӨ-гі ауыл шаруашылығы өнімінің үлесі

Жалпы Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласын дамытуда үлкен артықшылықтарға ие:

- еліміздің жер көлемі жағынан әлемдегі 9-орынды иеленуі;
- бос жайылым алаңдарының болуы;
- жеткілікті егістік алқабының болуы;
- суармалы жерлердің болуы;
- бидай мен ұнның ірі экспорттаушысы болуы;
- халықтың 40%-ның ауылда тұруы;

– табиғи өткізу нарығының жақын орналасуы: ҚХР, Иран, Ресей, Парсы шығанағы елдері, Өзбекстан, Ауғанстан.

Алайда артықшылықтарымызбен қатар аталған саланы дамытуда осал тұстарымыз да жоқ емес. Қазақстанда өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің басым бөлігінің қайта өңделмей шикізат түрінде өткізілуі, ауыл шаруашылығы құрылымдарының қаржылық ресурстарға қол жеткізудегі қиындықтары, бұл саладағы жұмыс істеуші еңбеккерлерді ынталандыру тетігінің жоқтығы және т.с.с. мәселелер тежегіш факторлар болып отыр.

Ауыл шаруашылығының өзіне тән ерекшелігіне байланысты осы салада жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін нарықтық тетік жеткілікті түрде тиімді болмаған кезде, ауыл шаруашылығының неғұрлым оңтайлы дамуына ықпал ететін ауыл шаруашылығы объектілері мен процестерге мемлекеттің ықпалын білдіретін мемлекеттік қолдау белсенді пайдаланылады [4]. Өйткені бәріміз білетіндей, ауыл шаруашылығы өндірісі көптеген факторларға тәуелді. Оны бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады: саланың спецификалық ерекшеліктеріне байланысты факторлар тобы, қаржылық факторлар тобы, инфрақұрылымдық факторлар тобы және т.б. (3-сурет)



3-сурет. Ауыл шаруашылығының дамуын тежеуші факторлар

Ескертпе: авторлармен дайындалған

Саланың спецификалық ерекшелігіне байланысты факторларға ауыл шаруашылығының ауа-райына тәуелділігі, жердің құнарлығының төмендеуі, маусымдық ерекшеліктер, түрлі зиянкестер мен апаттық жағдайлардың әсері және т.б. жатқызсақ, инфрақұрылымдық факторлар қажетті техника, құрал жабдықтардың жеткіліксіздігі мен тозығы жетуі, қойма санының аздығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізудегі қиындықтар, ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізудегі қиындықтар, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың аздығы сияқты факторларды қамтиды. Қазіргі таңдағы ауыл халқы санының төмендеуі (мәселен,

2015 жылы 43% болса, 2021-2022 жылдары 40%-дан төмен), білікті мамандардың тапшылығы, жастардың ауылда жұмыс жасауға ынтасының жоқтығы, ауыл халқының цифрлық сауаттылығының төмен деңгейі, ауыл халқының ақпаратпен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігін басқа да факторлар тобына жатқызамыз. Ал факторлардың үлкен тобы қаржымен байланысты факторлар. Ауыл шаруашылығы саласының кәсіпорындары көбінесе өзіндік қаржы ресурстарының жетіспеушілігін сезінеді, сондықтан сыртқы көздерден қаржы тартуға мәжбүр болады. Ол да оңай шаруа емес. Себебі, саланың инвестициялық тартымдылығы төмен, банк несиелерінің пайыздық мөлшерлемелерінің жоғары болуы, субсидия алудағы қиындықтар.

Жоғарыда аталған факторлардың кері әсері ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының табыстылығына тікелей әсер етеді. Осыған орай бюджет тарапынан ауылшаруашылық тауарөндірушілерін қолдаудың өзектілігі артады.

Аграрлық өнімнің бірінші кезектегі маңыздылығы мен оның өндірісінің сыртқы жағдайларға жоғары тәуелділігінің үйлесуі аграрлық процестерге мемлекеттің араласу қажеттілігін күшейтеді және жағдайды талдауға және басқа мақсаттарға жету үшін неғұрлым салмақты және пәрменді шараларды таңдауға ерекше көзқарасты талап етеді [5]. Мемлекеттік қолдау АӨК-нің тиімді жұмыс істеуі мен қарқынды дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл сектор өзін-өзі реттеуге жатпайтындықтан, оның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мемлекет тарапынан қаржылық қолдауға байланысты [6].

Жоғарыда атап өткеніміздей ауыл шаруашылығы мемлекет тарапынан қолдауды, оның ішінде қаржылық жағынан қолдауды қажет ететін сала. Ал осы қолдауды іске асыру үшін мемлекет олардың дамуы мен тұрақтылығына ықпал ету үшін әртүрлі тетіктер мен құралдарды белсенді қолданады. Мемлекеттік қолдаудың бюджеттік құралдары - бұл мемлекеттің экономика салаларына, ұйымдарға және халыққа қаржылық көмек көрсету үшін қолданатын тетіктер. Олар мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылатын қаржылық қолдаудың әртүрлі нысандарын білдіреді. Мемлекеттік қолдаудың бюджеттік құралдарын пайдаланудың мақсаты экономика салаларын дамытуды ынталандыру, ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту және басқа да әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу болып табылады. Мемлекеттік қолдаудың бюджеттік құралдары ауыл шаруашылығының дамуында маңызды рөл атқарады. Олар мемлекетке экономикалық процестерге белсенді ықпал етуге және белгілі бір деңгейде дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы саласын қаржылық қолдау мәселесі көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің зерттеу жұмыстарында көрініс тапқан және аталған мәселенің өзектілігі күмән келтірмейді. Қолдау нысандарын жіктеу белгілері бойынша бірнеше автордың пікірлері мен көзқарастарына тоқтала кетейік.

Ресейлік авторлар тобы (М.С.Оборин, Колесник В.С., Федяшкин А.А., Вернигор Ф.В.) [7,8,9] ауылшаруашылығын қаржылық қолдау нысандарын 3 топқа (тікелей, жанама және делдалдық) түрлеріне бөліп қарастырып, тікелей қолдауға аграрлық өнім өндірушілердің кірістерін қолдау, мемлекеттік жәрдемақылар және іссапар; төтенше жағдайлар кезінде мемлекеттік қолдау; аграрлық қызметке жаңа реформаларды енгізуден туындаған шығындар үшін төлемдерді, ал жанама қолдауға ауыл шаруашылығы өнімдерінің

бағасын тұрақтандырудың баға интервенциясы; өнімді әкелуге және әкетуге ең төменгі салықтар; тарифтік пайыздық мөлшерлемелерді қолдану механизмі; жабдыққа қаражат бөлу; ауыл шаруашылығы әзірлемелеріне қаржы ресурстарын бөлу; трансферттік тасымалдарға субсидиялар; инфрақұрылымды дамыту және жаңғырту және басқаларды жатқызады. Делдалдық қолдау - бұл негізінен бағдарламалық мақсатты сипаттағы, бірақ экономиканың аграрлық секторымен тікелей байланысты емес делдалдық нысандар арқылы жүзеге асырылатын қолдау нысаны: аграрлық ғылымды қолдау; қаржы институттарының жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен толықтыру, мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобаларды іске асыру.

Қазақстандық авторлар О.В.Лашкарева, Р.М.Жунусова, Алимкулова Э., Айтмуханбетова Д. [10,5] субсидиялау, жеңілдікпен кредит беру, салықтық ынталандыру, шығыстарды қаржыландыру бағдарламаларын бюджеттік қолдау нысандары ретінде қарастырады. Нурумов А.А., Шакуликова Г.Т., Уахитжанова А.М. [11] мемлекеттік қолдау нысандарын былайша жіктейді: 1) тікелей бюджеттік субсидиялар түріндегі тікелей мемлекеттік қаржыландыру, бұл ретте мемлекеттің өзі нарықтың ірі және ықпалды қатысушысы болып табылады: АӨК субъектілерін техника мен жабдықты, кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені сатып алуға мемлекеттік бюджеттен субсидиялау, ЖЖМ, ТМЦ, гербицидтерге субсидиялар арқылы өнімнің құнын арзандату, сақтандыру және т.б басқа. 2) АШТӨ-ге бюджеттік субсидиялауы бар банктер жүйесі арқылы кредит беру: Ауыл шаруашылығы министрлігінің және ЕДБ-нің қаржы институттары; 3) АШТӨ-ні және басқа көздерден жанама қаржыландыру: жеңілдікпен салық салу, тауарлық және сатып алу интервенцияларын жүргізу, ішкі және сыртқы нарықтарда протекционизм саясаты.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді бюджеттік қаржылық қолдау аграрлық кәсіпорындар қызметінің қаржылық нәтижелеріне айтарлықтай әсер етеді, өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және қызмет кірістілігінің өсуіне ықпал етеді [12].

Ауыл шаруашылығы өндірісі өзінің ағымдағы қызметін қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету, жаңа технологияларды енгізу, бар тәуекелдерді сақтандыру, инфрақұрылымды дамыту және т.б. үшін айтарлықтай қаражатты қажет етеді. Көбінесе, ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өз қызметін жүзеге асыру процесінде, тіпті ұлғаймалы ұдайы өндірісті айтпағанда, қарапайым өндіріс үшін де жеткілікті кірісі жоқ жағдай туындайды [13]. Субсидиялау, гранттар беру, салықтық жеңілдіктер, салық ставкалары және басқалары сияқты мемлекеттік қолдау және реттеу құралдары ауыл шаруашылығы өнімдерін неғұрлым сапалы және тиімді өндіру үшін қажетті жағдайлар жасауға ықпал етеді, бұл импортты алмастыру проблемасын шешуге және экспорттың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді [4].

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін анықтау және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді бюджеттік қолдаудың тиімділігін бағалау - өте күрделі міндет. Ауыл шаруашылығына бюджеттен жұмсалатын шығындар деп біз ауыл шаруашылығы саласының жұмыс істеуіне және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдауға бөлінген бюджет қаражатының сомасын айтамыз [14]. Нақтырақ айтқанда, бюджеттік қаржыландыру екі бағытты қамтиды: басқару құрылымдарын ұстауды, ҒЗТКЖ (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер), білім беруді, жерге орналастыру мен пайдалануды жақсарту, фермерлікті қолдау жөніндегі бюджеттік қызметтерді қаржыландыру және жекелеген міндеттерді шешуге бағытталған

бағдарламаларды қаржыландыруды (мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығын қолдау, ресурстарға жұмсалатын шығындардың бір бөлігін өтеу, жеңілдетілген несиелеу және т. б.). қамтиды [13].

Бюджеттік қызметтерді қаржыландыру шығыстары жыл сайынғы бекітілетін республикалық бюджет шығыстарында көрініс табады. 2018-2022 жылдардағы республикалық бюджеттен «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» бағыты бойынша жұмсалған қаржылардың сомасын және олардың жалпы республикалық бюджет шығыстарындағы үлесін келесі кесте мәліметтері бойынша талдаймыз (1-кесте).

1-кесте. Республикалық бюджеттің «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» саласына жұмсалған шығыстары

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2018-2022 жж. – өсу қарқыны
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары, мың тг	419286635,4	578336414,1	258865216	237898522,8	733531419,6	174,9
Республикалық бюджеттің жалпы шығыстары, мың тг	10120850032,3	12710311264,2	10297535467	11444600000	20106829599,4	198,7
Республикалық бюджет шығыстарындағы «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» шығыстарының үлесі, %	4,1	4,5	2,5	2,1	3,6	-
[15] дереккөз негізінде авторлармен есептелген						



Бекітілген республикалық бюджет шығыстары ішінде аталған сала шығыстарының көлемі талданып отырған бес жыл ішінде 98,7 пайызға өскенін көріп отырмыз. Шығыстар 2019 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 25,6 пайызға өскен болса, 2020 жылы, керісінше, алдыңғы жылға қарағанда 19 пайызға азайғанын көріп отырмыз. 2022 жылы сала шығыстары маңызды өсімге ие болды (75,7%). Ал «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» бағыты бойынша жұмсалған қаражаттардың республикалық бюджет шығыстарындағы үлесі айтарлықтай көп емес. Талданып отырған алғашқы жылдары 4,1-4,5 пайыздық үлесті құраса, одан кейінгі екі жылда екі есеге дейін төмендеген, 2022 жылы 3,6 пайызға ие болған.

Келесі суретте бюджет шығыстарының жалпы ішкі өнімге шаққандағы үлесі көрсетілген. Салыстырмалы түрде 2012 және 2022 жылғы мәліметтер алынған. Яғни аталған көрсеткіш салыстырылып отырған жылдар бойынша 0,5 пайыздық үлеске дейін төмендеген.



4-сурет. ЖІӨ-дегі бюджеттік қаржыландырудың үлесі

Дереккөз: [16]


Елімізде жыл сайын мемлекеттік деңгейде ауыл шаруашылығын қолдау мен дамытуға ықпал ететін бірқатар шешімдер мен шаралар қабылданады. Сондай-ақ,

Президентіміздің жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларында ауыл шаруашылығы саласы тыс қалған емес. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі кезекті "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" Жолдауында «Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу» деп атап, оған жету үшін бірнеше міндеттер де беріліп, іске асырылуда [2].

Саланы дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы іске асырылуда. Аталған құжат бойынша қолданыстағы мемлекеттік қолдау шараларын одан әрі дамыту және жетілдіру жұмыстары айқындалып, атқарылуда: салық салуды сақтау және одан әрі жетілдіру; жеңілдетілген кредит беру, лизингтік бағдарламалар көлемдерін одан әрі кеңейту және құралдарын жетілдіру, олардың АӨК субъектілері үшін қолжетімділігін арттыру; жыл сайын 140 млрд теңгеге дейінгі қысқа мерзімді және орта мерзімді бюджеттік кредит шеңберінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін қаржыландыруды жалғастыру; АӨК-ті сақтандыру институтын жетілдіру; субсидиялау тетіктерін жетілдіру және мемлекеттік қолдаудың жаңа нысандарын енгізу; аграрлық ғылымды дамыту және АӨК үшін кадрлар даярлау жөніндегі іс-шараларды жалғастыру [17].


Бюджеттік қолдау құралдарының ішіндегі субсидиялау кеңінен қолданылуда. Субсидиялау бұл тек бюджеттен бекітілген сома шегінде ақша қаражаттарын бөлу ғана емес, ауыл шаруашылығының дамуының нақты индикаторларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрал деп қарастыру керек. Ауыл шаруашылығын субсидиялау бағыттары әртүрлі: инвестициялық субсидиялар, өсімдік шаруашылығын субсидиялау, мал шаруашылығын субсидиялау, сыйақы ставкаларын субсидиялау және т.б.

Елімізде 2018-2022 жылдары субсидиялауға 1740,2 млрд. теңге бөлінді (4-сурет).



4-сурет. Ауыл шаруашылығын субсидиялауға жұмсалған қаражаттар

Субсидияның көлемі салыстырылып отырған бес жылдың ішінде шамамен екі есеге артқанын байқауға болады. 2018 жылғы 226 млрд теңгеден 2022 жылы 451 млрд теңгеге өскен. Талданып отырған кезеңнің ішінде маңызды өсімді 2019 жылы байқауға болады, яғни өсім 43,2% пайызды құраған. Қалған жылдары субсидиялардың шамамен 30%-ы мал шаруашылығына, 23%-ы өсімдік шаруашылығына жұмсалған, ал қаржылық құралдарға жұмсалған субсидиялар үлесі барлығынан жоғары (5-сурет).



5-сурет. 2021-2022 жылғы субсидиялар құрылымы, %

АӨК субъектілерінің қарыздарын сақтандыру және кепілдік беру шеңберінде субсидиялау, инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау (инвестициялық субсидиялар), АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау сияқты бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Осы бөлінген субсидиялардың мақсатты бағыттылығы мен тиімді көрсеткіштерге жеткізуі бірқатар мәселелерді шешуді талап етіп отыр. Мәселен, субсидиялар қағидаларының жиі өзгеруі, субсидияларды беру механизмінің айқын еместігі, субсидияның барлық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне бірдей қолжетімділікте болмауы, сондай-ақ ауылдық жердегі кәсіпкерлердің цифрлық сауаттылығының төмендігі немесе мүлдем болмауы, интернет байланысының нашарлығы, т.с.с. мәселелер субсидиялауды қайта қарастыруды талап етті. Президент Қ.К.Тоқаев субсидиялаудың жаңа тетіктерін даярлауды тапсырған еді. Бұл тапсырманы орындау мақсатында ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан арнайы комиссия құрылып, жұмыс жүргізілді.

Субсидиялау жүйесін жетілдіру бойынша арнайы жұмыс тобының материалдары бойынша субсидиялау жүйесінде бірқатар өзгерістер орын алды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары деңгейі; нақты нәтижелік көрсеткіштердің жоқтығы мен берілген субсидиялардың тиімділігін бақылау құралдарының болмауы себебінен

және қосарланған субсидиялауды болдырмау үшін өсімдік және мал шаруашылығы бағытындағы бірнеше субсидиялау түрлерін қысқартуға, ал инновацияларды енгізуді ынталандыруға бағытталған субсидиялаудың жаңа түрін енгізу жүзеге асырылды. Сондай-ақ субсидия алушыларға қарсы міндеттемелер де қарастырылған:

– Жалпы өнімді сату көлемін жыл сайын кемінде 3 %-ға ұлғайтуды қамтамасыз ету (форс-мажордан басқа);

– Еңбек өнімділігінің төмендеуіне жол бермеу;

– Соңғы 5 жылда негізгі капиталға инвестиция салу;


– Жасалған форвардтық келісімшарттарға сәйкес

– өндірілген өнімді азық-түлікті тұрақтандыру қорларына белгіленген көлемде сатуды қамтамасыз ету [18].

Аталған талаптарды қою субсидия алушылардың негізді жұмыс жүргізіп, жоғары өнімділікке ынталануына мүмкіндік туғызады. Сәйкесінше, субсидиялау құралының тиімділігіне алып келеді.

2023 жылға алдын-ала деректер бойынша агроөнеркәсіп кешеніне шамамен 500 миллиард теңге субсидия бөлінді, оның ішінде мал шаруашылығына – 115,9 млрд, өсімдік шаруашылығы мен қаржы құралдары бойынша – 318,1 млрд теңге. Субсидия алу Gosagro.kz жүйесі арқылы іске асырылады. Фермерлер арасында ең сұранысқа ие бағыттар: мал шаруашылығын субсидиялау (қаржыландыру көлемі – 115 млрд теңге); пестицидтерді субсидиялау (32 млрд теңге); тыңайтқыштарды субсидиялау (33 млрд теңге); инвестициялық субсидиялар (110 млрд теңге); тұқымдарды субсидиялау (11 млрд теңге); өнімді қайта өңдеуді субсидиялау (20 млрд теңге); пайыздық мөлшерлемені субсидиялау (83 млрд теңгеден астам)[20].

Бюджеттен бөлінген субсидиялар мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірілуі арасындағы байланысты қарастыратын болсақ (6-сурет), ауылшаруашылығы өнімінің екі санаты да 2018-2022 жылдар аралығында өскенін көруге болады.



6-сурет. Шаруашылықтар бөлінісіндегі бөлінген субсидиялар мен өндірілген өнім көлемдерінің өзгерісі

Өсімдік шаруашылығының өнімі 2018 жылы 2411486,7 млн теңгені құраса, 2022 жылы 5808259,8 млн теңгеге дейін яғни 2,4 есеге өскен, ал мал шаруашылығының өнімі қарастырылып отырған уақыт аралығында 78%-ға өскен. Аталған екі салаға бөлінген субсидиялар көлемі де артқан. Өсімдік шаруашылығына бөлінген субсидиялар көлемі 2018 жылғы 63329 млн теңгеден 2022 жылы 116953 теңгеге артқан, өсімі 84% болса, мал шаруашылығы саласына бөлінген субсидиялар көлемі 65%-ға өскен. Бөлінген субсидиялар өндірілетін өнім көлемінің өсіміне белгілі бір деңгейде оңтайлы әсерін тигізеді деген қорытындыға келдік.

Қорытындылай келе, ауыл шаруашылығы саласы қай кезеңде болмасын, өзінің маңыздылығын жоғалтпайды. Себебі, бұл сала еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі, ауылдық жерлерді өркендетудің, жұмыспен қамтамасыз ету құралы. Кез-келген сала дамуында олқылықтар мен кемшіліктер орын алуы заңды құбылыс. Сол кемшіліктерді тәжірибе барысында жою – саланы өркендетудің, алға қарай ілгерілетудің жолы. Агроқұрылымдардың жұмыс тиімділігін арттыруға келесі ұсыныстар септігін тигізеді:

- ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік бюджеттік қолдаудың орнықтылық, мақсатты бағыттылық, бюджет қаражаттарының шектеулігі, қолжетімділіктің біркелкі болуы, кепілдік сияқты қағидаттарына негізделген реттеуші функциясын күшейту;

- бюджеттік бағдарламалардың тиімділігіне үздіксіз мониторинг жүргізу;

- бюджет қаражаттарын, әсіресе субсидияларды пайдаланушыларға қарсы міндеттемелерді кезең-кезеңімен біртіндеп енгізу (себебі, қарсы міндеттемелердің бірден көп талап етілуі ұсақ шаруашылықтардың субсидия алуға деген ынтасын азайтады);

- агроқұрылымдардың басшыларының цифрлық сауаттылығын жетілдіру, арнайы қолжетімді курстар ұйымдастыру, соның арқасында фермерлердің барлық цифрлық платформаларды еркін қолдана алуына мүмкіндік туғызу;

- ауыл шаруашылығы саласында протекционизм принципін ұстану, яғни өз тауар өндірушілеріміздің өнімін барынша қолдау, бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- әрине, бюджеттік қолдау мүмкіндіктерін және салаға бөлінетін бюджеттік қаражаттар көлемін арттыру, бірақ бюджет қаражаттарының шектеулі болуына байланысты, оның көлемін біртіндеп арттырып, оның ұтымды пайдаланылуын назардын тыс қалдырмау керек. Сондай-ақ тиімді, оңтайлы және ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру қажет. Осындай шараларды кешенді іске асыру саланың тұрақты дамып, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Доля сельского хозяйства в ВВП [Электронный ресурс Портала данных ЕЭК ООН (UNECE)] URL: <https://w3.unecce.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=6> (дата обращения 15.12.2023)

2. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы «Әділетті мемлекет. біртұтас ұлт. берекелі қоғам» [Электронный ресурс]-2022 URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (қараған күні 05.01.2024)

3. Бақуатты ауыл – қуатты Қазақстан. [Электронный ресурс]-2020 URL:<https://egemen.kz/article/223321-baquatty-auyl-%E2%80%93-quatty-qazaqstan> (қараған күні 15.12.2023)
4. Булатова Ю.И. Проблемы применения бюджетных инструментов государственной поддержки сельского хозяйства в Российской Федерации // Электронный научный журнал «Вектор экономики» [www.vectoreconomy.ru](http://www.vectoreconomy.ru) -2019 -№5.
5. Алимкулова Э., Айтмуханбетова Д. Государственное регулирование отрасли сельского хозяйства // Проблемы агрорынка -2020. –№4. – С.47-53.
6. Лемещенко О.В., Накипова Г.Н., Белкина Е.Н. Аналитические аспекты государственной финансовой поддержки агропромышленного комплекса Казахстана // Научный журнал «Вестник университета «Туран» - 2021. - № 3(91)- С.101-107
7. Оборин М.С. Инструменты государственной поддержки агробизнеса в современных условиях// Vestnik of the Mari State University Chapter “Agriculture. economics”.-2021.- 7(2).
8. Колесник В.С., Федяшкин А.А. Бюджетное финансирование организаций аграрного сектора региональной экономики. // Вестник Академии знаний. – 2020. - №36 (1). – С.319-321
9. Вернигор Н.Ф. Государственная поддержка сельского хозяйства — неотъемлемая часть государственного регулирования // Вестник Алтайского государственного аграрного университета.- 2015.-№ 2 (124). -С.143-147
10. Лашкарева О., Жунусова Р. Бюджетные программы сельского хозяйства и их финансирование.// [Электронный ресурс] URL: <https://dspace.enu.kz/jspui/bitstream/data/5553/1/finansirovanie.pdf> (дата обращения 05.12.2023)
11. Нурумов А.А., Шакуликова Г.Т., Уахитжанова А.М. «Финансирование сельского хозяйства Казахстана: механизм и пути совершенствования» - Монография – Нур-Султан, 2020.- 146 с.
12. Колесник В. С. Государственная финансовая поддержка деятельности аграрных предприятий // Modern Science. – 2021. – № 5-3. – С. 98-102
13. Бугаева Т.Н. Актуальные проблемы финансового обеспечения сельского хозяйства // Научный вестник: Финансы, банки, инвестиции – 2018. - №1. – С.41-47
14. Гайнутдинова Е.А., Кондратьев Д.В., Некрасова Е.В. Эффективность бюджетного финансирования в агропромышленном комплексе региона// Fundamental research.- 2015.-№ 5
15. ҚР Қаржы министрлігінің ресми сайты. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=ru> (қараған күні 05.01.2024), ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайты: <https://stat.gov.kz/> (қараған күні 05.01.2024), ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты [www.gov.kz/memleket/entities/mao](http://www.gov.kz/memleket/entities/mao) (қараған күні 05.01.2024)
16. 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің есебіне қорытынды. Астана, 2023 ж.- 467 б.
17. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы.// [Электронный ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> (қараған күні 10.01.2024)

18. Материалы рабочей группы по совершенствованию системы субсидирования // [Электронный ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/activities/directions?lang=ru> (қараған күні 12.11.2023)

19. 2023 жылы АӨК субсидиялауға 500 млн теңгеге жуық қаржы бөлінді // [Электронный ресурс]-2023 URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/675655?lang=kk> (қараған күні 08.01.2024)

20. Войтко И. А. Прямое бюджетное субсидирование как фактор устойчивого развития сельскохозяйственного производства Республики Беларусь // «Известия Национальной академии наук Беларуси. Серия аграрных наук» - 2023.-Т.61, №2.-С.95–108 URL: <https://vestiagr.belnauka.by/jour/article/view/697> (дата обращения 17.10.2023)

21. Богданова О.Ю. Пути решения массовой бедности в России // Теория и практика экономики и предпринимательства: материалы XVII Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. – Симферополь: Крымский федеральный университет имени В.И. Вернадского, 2020. – С. 160–161.

**Р.С.Сарбасова<sup>1</sup>, А.А.Нурумов<sup>2</sup>, Г.Ж.Есенова<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>*Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан*

<sup>3</sup>*ЧУ «Центр педагогического мастерства», Астана, Казахстан*

### **Формы бюджетной поддержки сельскохозяйственных предприятий**

**Аннотация.** Являясь важной отраслью обеспечения продовольственной безопасности страны, сельское хозяйство нуждается в государственном регулировании и финансовой поддержке, чтобы быть высокопроизводительным и конкурентоспособным. Целью использования бюджетных форм поддержки является стимулирование развития отрасли, повышение конкурентоспособности сельскохозяйственных предприятий, улучшение социального благосостояния населения и решение других социально-экономических задач. В данной статье рассматриваются формы бюджетной поддержки сельского хозяйства, проводится анализ их текущего состояния и даются рекомендации по их совершенствованию.

По формам бюджетной поддержки излагается точки зрения отечественных и зарубежных авторов, а также действующие в стране формы бюджетной поддержки. На основе официальных статистических данных проводится сравнительная оценка динамики сельскохозяйственной продукции, доли сельскохозяйственной продукции Казахстана и других государств Центральной Азии в валовом внутреннем продукте, оценивается динамика бюджетных ассигнований на сельское хозяйство страны, объем и структура субсидий и ее влияние на развитие сельского хозяйства. К числу основных проблем, требующих решения, относятся показатели равного доступа бюджетных средств ко всем товаропроизводителям и результативность предоставленных средств. Поддержка сельхозпредприятий со стороны бюджета, параллельное применение ряда инструментов поддержки позволит увеличить долю отрасли в экономике.

**Ключевые слова:** сельское хозяйство, бюджетная поддержка, субсидии, агроформирования, финансирование сельского хозяйства, формы бюджетной поддержки.

**R.S.Sarbassova<sup>1</sup>, A.A.Nurumov<sup>2</sup>, G.Zh.Yessenova<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup> *L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Private institution "Center of Pedagogical Excellence", Astana, Kazakhstan*

### **Forms of budget support for agricultural enterprises**

**Abstract.** As an important food security industry in the country, agriculture needs government regulation and financial support to be high-performance and competitive. The purpose of using budgetary forms of support is to stimulate the development of the industry, increase the competitiveness of agricultural enterprises, improve the social well-being of the population and solve other socio-economic problems. This article considers the forms of budgetary support for agriculture, analyzes their current condition and gives recommendations for their improvement.

According to the forms of budget support, the points of view of domestic and foreign authors are presented, as well as the forms of budget support operating in the country. On the basis of official statistics, a comparative assessment of the dynamics of agricultural products, the share of agricultural products of Kazakhstan and other Central Asian countries in the gross domestic product is carried out, the dynamics of budgetary allocations for the country's agriculture, the volume and structure of subsidies and its impact on the development of agriculture are estimated. Among the main problems that need to be solved are indicators of equal access of budget funds to all producers and the effectiveness of the funds provided. Support of agricultural enterprises from the budget, parallel use of a number of support tools will increase the share of the industry in the economy.

**Key words:** agriculture, budget support, subsidies, agricultural formation, financing of agriculture, forms of budget support.

### **References**

1. Dolya sel'skogo hozyajstva v VVP [Agriculture's share of GDP [UNECE Data Portal Electronic Resource (UNECE)]. Available at: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=6> [in Russian] (accessed 15.12.2023)
2. Memleket basshysy K.K.Tokaevtyн Kazakstan Halkyna Zholdaуy «Adiletти memleket. Birtutas ult. Berekeli kogam» [The message of the Head of State to the people of Kazakhstan «Fair state. One nation. A prosperous society»]. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdaуy-181416> (accessed 05.01.2024) [in Kazakh]
3. Bakuatty ауyl – kuatty Kazakstan. [Rich village - strong Kazakhstan]. Available at: <https://egemen.kz/article/223321-baquatty-auyl-%E2%80%93-quatty-qazaqstan> (accessed 15.12.2023) [in Kazakh]



4. Bulatova Yu.I. Problemy primeneniya byudzhetnyh instrumentov gosudarstvennoj podderzhki sel'skogo hozyajstva v Rossijskoj Federacii [Problems of applying budgetary instruments of state support for agriculture in the Russian Federation]. Elektronnyj nauchnyj zhurnal «Vektor ekonomiki» [Electronic scientific journal Vector of Economic] Available at: [www.vectoreconomy.ru](http://www.vectoreconomy.ru) - 5 (2019 ) [in Russian].
5. Alimkulova E., Ajtmuhanbetova D. Gosudarstvennoe regulirovanie otrasli sel'skogo hozyajstva [State regulation of the agricultural sector. Problemy agrorynka [Problems of the agricultural market], 4, 47-53, (2020) [in Russian].
6. Lemeshchenko O.V., Nakipova G.N., Belkina E.N. Analiticheskie aspekty gosudarstvennoj finansovoj podderzhki agropromyshlennogo kompleksa Kazahstana [Analytical aspects of state financial support for the agro-industrial complex of Kazakhstan]. Nauchnyj zhurnal «Vestnik universiteta «Turan» [Scientific journal "Bulletin of the University" Turan "]. 3(91), 101-107(2021) [in Russian].
7. Oborin M. S. Instrumenty gosudarstvennoj podderzhki agrobiznesa v sovremennyh usloviyah [Tools of state support for agribusiness in modern conditions]. Bulletin of the Mari State University Chapter "Agriculture. economics". 7, 2 (2021) [in Russian].
8. Kolesnik V. S., Fedyashkin A. A. Byudzhetnoe finansirovanie organizacij agrarnogo sektora regional'noj ekonomiki [Budget financing of organizations of the agricultural sector of the regional economy] Vestnik Akademii znaniy [Bulletin of the Academy of Knowledge]. 36 (1), 319-321(2020) [in Russian].
9. Vernigor N.F. Gosudarstvennaya podderzhka sel'skogo hozyajstva — neot'emlemaya chast' gosudarstvennogo regulirovaniya [ State support for agriculture is an integral part of state regulation]. Vestnik Altajskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta [Bulletin of the Altai State Agrarian University].2 (124), 143-147(2015) [in Russian].
10. Lashkareva O., ZHunusova R. Byudzhetnye programmy sel'skogo hozyajstva i ih finansirovanie [Budget programs of agriculture and their financing] Available at: <https://dspace.enu.kz/jspui/bitstream/data/5553/1/finansirovanie.pdf> (accessed 05.12.2023) [in Russian]
11. Nurumov A.A., Shakulikova G.T., Uahitzhanova A.M. «Finansirovanie sel'skogo hozyajstva Kazahstana: mekhanizm i puti sovershenstvovaniya» [Financing of agriculture of Kazakhstan: a mechanism and ways of improvement] (Nur-Sultan,2020,146p.) [in Russian]
12. Kolesnik V. S. Gosudarstvennaya finansovaya podderzhka deyatel'nosti agrarnyh predpriyatij [State financial support for the activities of agricultural enterprises]. Modern Science. 5-3, 98-102(2021) [in Russian].
13. Bugaeva T.N. Aktual'nye problemy finansovogo obespecheniya sel'skogo hozyajstva [Actual problems of financial support for agriculture]. Nauchnyj vestnik: Finansy, banki, investicii [Scientific Bulletin: Finance, banks, investments]. 1, 41-47(2018) [in Russian]
14. Gainutdinova E.A., Kondratyev D.V., Nekrasova E.V. Effektivnost' byudzhetnogo finansirovaniya v agropromyshlennom komplekse regiona [Efficiency of budget financing in the agro-industrial complex of the region]. Fundamental research.5(2015) [in Russian]
15. KR Karzhy ministriginin resmi sayty [Official website of the Ministry of Finance of Kazakhstan]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/>

documents/1?lang=ru (accessed 05.01.2024), Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ul'tytk statistika byurosynyn resmi saity [Official website of the National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms.] Available at: <https://stat.gov.kz/> (accessed 05.01.2024), KR Auyl sharuashylygy ministriginin resmi saity [Official website of the Ministry of Agriculture of Kazakhstan] Available at: [www.gov.kz/memleket/entities/mao](http://www.gov.kz/memleket/entities/mao) (accessed 05.01.2024)

16. 2022 zhylygy respublikalyk byudzhettin atkaryluy turaly Kazakstan Respublikasy ukimetinin esebine korytyndy [Conclusion to the report of the Government of the Republic of Kazakhstan on the implementation of the republican budget for 2022]. (Astana, 2023 – p.467) [in Kazakh].

17. Kazakstan Respublikasynyn agroonerkasiptik keshenin damytudyn 2021 – 2030 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasyn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2021 zhylygy 30 zheltoksandagy № 960 kaulysy [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan of December 30, 2021 No. 960 "On Approval of the Concept for the Development of the Agro-Industrial Complex of the Republic of Kazakhstan for 2021-2030]. at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> (accessed 10.01.2024)

18. Materialy rabochej gruppy po sovershenstvovaniyu sistemy subsidirovaniya [Materials of the working group on improvement of the subsidy system]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/activities/directions?lang=ru> (accessed 12.11.2023)

19. 2023 zhyly AOK subsidiyalauга 500 mln теңгеге zhuyq қарзhy bolindi [In 2023, about 500 million tenge was allocated for subsidizing the agro-industrial complex]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/675655?lang=kk> (accessed 08.01.2024)

20. Vojtko I. A. Pryamoe byudzhetnoe subsidirovanie kak faktor ustojchivogo razvitiya sel'skohozyajstvennogo proizvodstva Respubliki Belarus' [Direct budgetary subsidies as a factor in the sustainable development of agricultural production of the Republic of Belarus]. «Izvestiya Nacional'noj akademii nauk Belarusi. Seriya agrarnyh nauk» [Izvestia of the National Academy of Sciences of Belarus. Series of agrarian sciences] 2, 95-108(2023). Available at: <https://vestiagr.belnauka.by/jour/article/view/697> (accessed 17.10.2023)

21. Bogdanova O.Yu. Puti resheniya massovoj bednosti v Rossii [Ways to Solve Mass Poverty in Russia]. Teoriya i praktika ekonomiki i predprinimatel'stva: materialy XVII Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii s mezhdunarodnym uchastiem [ Theory and Practice of Economics and Entrepreneurship: Materials of the XVII All-Russian Scientific and Practical Conference with International Participation]. (Simferopol': Krymskij federal'nyj universitet imeni V.I. Vernadskogo, 2020.p.160–161.

### **Сведения об авторах :**

**Сарбасова Райхан Сериковна** – негізгі автор, «Қаржы» білім беру бағдарламасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Нұрымов Алданыш Арыстанғалиұлы** – экономика ғылымдарының докторы, «Қаржы» кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Есенова Гульмира Жексеновна** – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің аға менеджері, Астана, Қазақстан.

**Sarbassova Raikhan Serikovna** – the main author, Doctoral student of the educational program "Finance," Eurasian National University named after L.N. Gumilyova, Astana, Kazakhstan.

**Nurumov Aldanysh Arystangalievich** – Doctor of Economics, Professor of the Department of Finance, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.

**Yessenova Gulmira Zheksenovna** – Candidate of Economic Sciences, Associate professor, Senior manager of the Private institution "Center for Pedagogical Excellence," Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).